

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ
АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕКТЕС
АУМАҚТАРҒА МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРУЫ: ЗАМАНАУИ
ТҮСІНУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

8 қыркүйек 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-практической конференции
«МАССОВЫЙ ГОЛОД 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ
И ВЫНУЖДЕННЫЕ ОТКОЧЕВКИ КАЗАХОВ НА
СОПРЕДЕЛЬНЫЕ ТЕРРИТОРИИ: ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОГО ОСМЫСЛЕНИЯ И НАУЧНОЙ ОЦЕНКИ»**

8 сентябрь 2022 г.

Алматы, 2022

ӘОЖ 94(574)
ҚБЖ 63.3(5Қаз)
Қ 18

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған. АР08856865 «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» жобасы аясында жарияланды.

Рекомендовано к печати Ученым советом Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Издано в рамках реализации проекта АР08856865 «Казахские откочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XX века: пребывание и адаптация»

Редакциялық кеңес:

Қабылдинов З.Е., Құдайбергенова А.И., Мұсағалиева А.С., Қозыбаева М.М.

Құрастырушылар:

Құдайбергенова А.И., Исенов Ә.И., Бекенова А.А.

Пікір жазғандар:

Мұхатова О.Х. – тарих ғылымдарының
докторы, профессор

Бекмағамбетов Р. – тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

«Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» = «Массовый голод 1930-х годов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры / Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ә.И. Исенов, А.А. Бекенова. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022 ж. – 324 б. [каз. и русс. яз.]

ISBN 978-601-06-7096-9

Бұл жинаққа Алматы қаласында 2022 жылдың 08 қыркүйегінде болып өткен «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, оқытушылар қауымына, сондай-ақ ел тарихын сүйер көпшілікке арналған.

В сборник вошли доклады участников Международной научно-практической конференции «Массовый голод 1930-х годов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки», состоявшейся в г. Алматы 8 сентября 2022 года.

Сборник предназначен для специалистов в области гуманитарных наук, студентов и аспирантов высших учебных заведений, профессорско-преподавательского состава, а также для широкой публики, интересующей историей страны.

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТжӘИ, 2022
© ЖК «Мадияр», 2022

аударушыларды бейбіт жолмен реттеу әдістері (1920) КСРО-ның қатал практикасынан (1930) ерекшеленеді. Өткеннің «ақ дақтары» егжей-тегжейлі қайта құру әлі алда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алдажуманов К. Восстание казахских шаруа в Адайском округе // Социально-политическое развитие Казахстана и его взаимосвязь с сопредельными странами. Алматы, 1994.

2. https://www.academia.edu/79714945/_An_Unsuccessful_Encounter_between_the_Kazakhs_of_the_Alash_Orda_Autonomous_Government_and_Japan_during_the_Siberian_Intervention_Rayimjan_Marsekov_s_Request_and_its_Background

3. ГАРФ, РГАСПИ, РГАЭ, ЦГА РК - қорларынан алынған.

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨңІРІНДЕГІ ҚАРУЛЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ

Стамшалов Е.И.

Ш.Ш.Уәлихановатындағы
тарих және этнология институты phd-докторанты

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңірі шаруаларының елі ішінде және шетелдерге босқыншылығы проблемасының ауқымы да, хронологиялық шегі де кең. Әрбір шаруашылық-саяси науқандар шаруалар босқыншылығын туғызып келді. 1928 жылғы байларды тәркілеп, жер аудару қарсаңында, тәркілеудің барысында және аяқталғаннан кейінгі кездегі шетелдерге босқан шаруалар көші туралы мәліметтер ОГПУ, партия ұйымдары ақпараларында көрсетілген. Шекаралаық аймақтарда әрекет еткен қарулы шаруалар топтарын ОГПУ құжаттары «жергілікті» және «шетелдік банды» деп жіктеп отырған. Бұл арада шетелдік көтерілісшілердің Қытайдың саяси мүддесін көздеген өкілдігі деп көрсетуге негіз жоқ. Шағын отрядтар шекара аудандарында жергілікті өкімет мекемелеріне, кооперативтерге шабуылдап, колхоз малдарын айдап әкеткен. Біз қарастырып отырған жылдар үшін қарулы шаруа топтарының басты мақсаты өңірдегі кеңес өкіметінің аграрлық саясатынан қашқандарды Қытайға қауіпсіз өтікізу болған. Қазақстанның басқа өңірлеріндегідей, оңтүстік-шығысында да босқыншылық қарулы көтеріліс сипатында болды. ОГПУ, партиялық құжаттарда «бандалар», «банды тобыры» деген топтардың барлығы кеңестік саясатқа наразы босқындар мен көтерілісшілер болды.

Қазақстан ОАК төрағасы Е. Ерназаровқа жолданған ОГПУ-дің мүліктерін тәркілеуге байланысты байлардың көңіл-күйі мен әрекеттері туралы 8 қыркүйек 1928 жылғы № 24192/2 арнайы ақпарында бұдан басқа Қабастау және Берекелі болыстығының байлары Елбасын Изембаев, Шұмақбай Бекқұлиев және басқалары 1928 жылыдың шілде айында таяп қалған тәркілеу, ауыр салықтар жайын талқылап қолайлы сәт туғанда Қытайға ауып кетуді жоспарлап отырғаны хабарланған [1, 162 б.]. Қарқара болыстығының ірі байлары Сырт тауларына жақынырақ қонып, тәркілеу басталған жағдайда осындағы Қақпақ тауларында жүрген қырғыз Жантай Омаровтың көмегімен Қытайға өтуді ойластырады. Шекара басқармасы мәліметінде қазір Қытайдың Жаркент уезімен Сырт тауларымен шектесетін аймағында жүрген Жантайдың Қырғызстан АССР-інің Қарақол ауданында танымал әрі беделді тұлға және ақсүйек тұқымы екені айтылған. «ОГПУ-дің Орта Азиядағы өкілетті өкілдігінің мәліметіне қарағанда Жантай, өзінің беделіне сүйеніп, осы жылдың мамыр айында елді Қытайға көшуге үгіттеді, соңынан қарулы адамдарымен Қарақол ауданының өздерімен бірге 300-ге жуық ірі қара, 1000 ұсақ жандықты айдап кеткен 30-дай жанұясын шекарадан өтуіне көмектесті. Жантайдың ұраны: «Салықтар мен малды алудан құтылу». Осы мәліметтерге қарағанда Жантайдың банды тобы Сырт тауларын жақын жерде жүруі Қарқара болыстығының осы маңдағы байларының онымен қосылуын жеңілдетеді» – делінген ақпарда [1, 44 б.]. Хат соңында ОГПУ басшылары (Н.Л. Волленберг пен Адамович) қалыптасқан жағдайды және экпроприация туралы декрет жарияланғаннан кейін қалыптасатын ахуалды ескеріп, байлардың шетелге қашуына қарсы тәсілдерді қайта қарап, көшуді тоқтату үшін батыл шаралар қабылдау керектігін, «шекара қызметіне шекара күзеті туралы заңдар аясында және шекара жарғысын қолдану негіздерінде қимылдауына мүмкіндік беру» қажеттігі баса көрсеткен [1, 45 б.]. Соңғы ұсыныс шекара арқылы босқан жұртқа қарсы әскери-соғыс тәсілдерін, қаруды баса қолдануды нұсқап тұр. Лепсі ауданының Көктерек болыстығының байлары да мал сатуға кіріседі. Ірі байларды тәркілеу басталмай тұрып-ақ, түрлі салықтарды төлемейтіндердің мал-мүлкін тәркілеумен қорқыту Жетісу шаруаларын абыржытты. Шекаралық аудандардың малы бар тұрғындарының ру болып, ауыл болып шекараға жақындауы, тіпті Қытайға өту фактілері орын алды.

Қазақ Өлкелік партия комитетінің 1928 жылдың 18 тамызы күнгі мәжілісінде шекаралық аудандардағы тәркілеу шарасына айрықша назар аударылды. Осы күнгі өлкелік партия комитеті бюросының № 61 хаттамасында «шекаралық аудандардағы тәркілеу қысқа мерзімде жүзеге асырылсын және жер аударылатын шаруашылықтарды аз қалдыру

керек. Шаруашылықтар саны мен мерзімі туралы мәселен партиялық комиссияға берілсін.» - делінеді [2, 378 б.]. Шекаралық аудандардағы тәркілеу шаралары айрықша назарда болды. Алматы округінің Қарқара, Жаркент, Октябрь, Сарқан, Андреев, Алакөл, Бәрібаев, Бүйен Ақсу аудандары шекаралық аудандар саналды. 30 тамыз күнгі ОАК мен ХКК-нің тағы бір қаулысы негізінде кейбір шекаралық елді мекендер тәркілеу туралы 27 тамыз 1928 жылғы қаулының күші құзырынан шығарылды. Қарқара ауданына қарасты Түзкөл және Бірлік, Жаркент ауданының аудандастыруға дейін Ақтам және Қорғас мекендері шекарасындағы жерлер, Октябрь ауданының Берекелі елді мекені, Бүйен Ақсу ауданынан Қарабаз, Кенжі, Алакөл ауданының Барыбаев және Алакөл маңында тәркілеу жүргізілмейтін болып шешілді [3, 131 (а) б.].

Сыртқы істер халық комиссариаты өкілдері, консулдық-елшілік құрылымдардың шекара бекеттеріндегі жемқорлық, арлы-берлі толассыз өтушілер жайлы мағлұматтарын Ф. Голощекинге жолдап тұрған. Өлкелік партия комитеті хатшысының тәркілеу кезінде кейбір шекаралық шепке жақын елді мекендерін тәркілеу туралы декрет аясынан шығару туралы Қараханнан ұсыныс түскен. Жоғарыда көрсетілген өлкелік Халық комиссарлар кеңесі қаулысына қарағанда Голощекин шекара шебіндегі мекендерді тәркілеу заңы аясынан шығаруға түбі келісуге мәжбүр болған сияқты. Шекара шебіндегі елді мекендерде тәркілеу туралы заң аясынан шығару 1928 жылдың 18 қыркүйегінде Алматы Ократком жанындағы бай шаруашылықтарын тәркілеу жөніндегі округтік комиссия мәжілісі қаулысымен Өлкелік комиссия бектікен 12 шекара шебінде жатқан шаруашылық тәркілеу тізімінен шығарылады. Олар: Қарқара ауданы бойынша (бұрынғы Түзкөл-Қарқара болыстары) 1-топтағы Беріпсалиев, Мүлкібаев, Өтеулов, Бектенов, Сұлтанқұлов, Кухтиев, Бегалы және Әбдікерім Қанапияевтар, Ұзақов, Кекілов, Өскембаевтар шаруашылықтары. Октябрь ауданынан Берекелі болыстығынан Мұрыбаев тәркілеу тізімінен шығарылды [4, 126б.]. Осы мәжілісте, сондай-ақ, Қарқара аудан бойынша уәкілдің Түзкөл болыстығында тұратын 9 бай шаруашылығын тәркілеу туралы телеграф арқылы хабарламасын қаралды. Аудандық уәкіл Түзкөл болыстығының шекара шебі болып саналмайтынын, шекара шебіне 20/0 жақындайтынын, мұндағы шаруашылықтар қалған тұрғындар үшін тынышсыз екенін көрсетіп, осы себептен оларға қатысты 1928 жылдың 27 тамызындағы декретті қолдануды аса қажетті деп санайтынын жеткізген. Уәкіл шекара шебі ретінде Байынқол болыстығын тануды сұраған. Бұл ұсыныс бойынша округтік комиссия мәжілісі: «Округтік комиссия шекара шебін ауыстыруға өкілетті емес. Сол себепті Қарқара ауданы бойынша уәкілге бұрын берілген нұсқауларды басшылыққа алу ұсынылсын.» - деген қаулы қабылдайды [4, 122 б.].

1929-1931 жылдар арасында Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Бүйен Ақсу, Сарқан, Жаркент және Бөрібаев аудандарындағы шаруалардың күштеп ұжымдастыру мен шаруашылық-саяси науқандарға наразылығы олардың жаппай босқыншылығымен астасып жатты. Профессор Қ.С.Алдажұманов өз зерттеуінде 1930 жылдың басы, жаппай шаруалар толқуы мен көтерілістері кезінен бастап Қазақстаннан тұрғылықты жерінен 281230 шаруашылық босып кетсе, соның 83 мыңы Солтүстік-батыс Қытай мен Ауғанстанға қашқанын көрсеткен. Сол кезеңдегі, кейінірек жаппай ашаршылық жағдайында босқыншылық қазақ ауылдарын ғана емес, орыс қоныс аудару деревняларын да қамтыды. Алматы округінен 51 198 шаруашылық сыртқа босқын болып кеткен [5, 83, 84 б.].

Шекаралық аудандардағы босқыншылықтың ірі байларды тәркілеу науқанынан кейінгі циклы 1929-1930 ж.ж. астық дайындау науқанында орын алды. Босқыншылық мәселесіне назар аударған ОГПУ ҚАССР-дағы тұрақты өкілдігі басшысы Н.Л. Волленберг 1929 жылдың 15 желтоқсанында Қазақстан Өлкекомы мен ХКК-не жолдаған «К» сериялы құпия хатында «шекаралық аудандардағы астық дайындау науқаны тұрғындардың бай-кулак бөлігі тарапынан науқанның өзіне және Кеңес өкіметінің осы науқанмен байланысты басқа шараларына қарсы өршеленген кеңеске қарсы үгіт-насихатты туғызып отырғаны» көрсетілген. Шаруалардың арасында әрбірінің астық астығы, мал-мүлкі тәркіленетіні туралы кеуесат таратылған. Осыған байланысты Қытайға астыртын көшу жиілеп кеткен. 1929 жылдың тамыз-қазан аралығында Жаркент, Бақты, Зайсан шекара участкелері арқылы 82 көш өткен. Босқыншылықтың ішінде қарумен өткені -5, топталып тұтас ауылмен өткен 5, жекелеген өтушілер 68 оқиғасы тіркелген. ОГПУ басшысының көрсетуінше, шетелге кетушілердің көпшілігі ауқатты бай шаруашылықтар. Байлар Қытайға алдымен өздері өтіп кетіп, жанұясын қалдыратын фактілер, керісінше, жанұясы мен малын арғы бетке өткізіп жіберіп, өздері қалатын мысалдар да болған. Н.Л.Волленбергтің мәліметінше, 1928 жылғы Қазақстан үкіметінің байларды тәркілеп, өздерін жер аудару шарасы кезінде шекаралық аудандардағы байларға тиіскен жоқ, олар шекараға жақын қоныстанып қалды. Осы жағдайлар ұлан-ғайыр аймақтың шекара бөлімдерінің күзетін қиындатуы, көшушілердің жиілеуінің алдын алу мақсатында ОГПУ тарапынан бай-кулак шаруашылықтарын шекара маңынан аулақтату ұсынылды. Н.Л. Волленберг ұсынған практикалық шаралар ретінде: 1) Қытайға көшу кезінде, не соған дайындалу барысында қолға түскен, заңсыз шекара бұзу ниеті бар барлық бай кулактарды шекара маңынан 100 шақырымға алысқа жер аудару; 2) Жанұясы немесе мал- мүлкі арғы бетке өтіп кеткен байларды дереу шекара маңынан 100 шақырымға жер

аудару; 3) Жанұя басшысы Қытайға өтіп кеткен шаруашылықтарды да шекара маңынан жер аудару; 4) байларды жер аудару құқын Шекара күзеті мәліметтері негізінде ократкомға хабарлау міндетімен ауаткомдарға беру ұсынылды [6, 330 б.]. Н. Волленбергтің шекаралық аудандарда тәркілеу шаралары болған жоқ деген қорытындысы шындыққа сәйкес келмейді. Алматы округінің Қарқара, Жаркент, Октябрь, Сарқан, Андреев, Алакөл, Бәрібаев, Бүйен Ақсу аудандары шекаралық аудандар санатына кіретін. Бұл шекара аудандарында Жаркент, Сарқан аудандарынан басқасында тәркілеу толыққанды жүргізілді. Жаркент ауданының тізімнен шығарылуы ірі мал иеліктерінің болмауы, ауданда отырықшы егін оның ішінде мақта шаруашылығының дамуы себеп болды. Қарқара ауданынан 8 шаруашлық мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылды.

ОГПУ Қазақстандағы өкілетті өкілдігінің Мәскеуге жолдаған ұжымдастыру мен кулактарды жоюға байланысты республикадағы саяси көңіл-күй туралы 1930 жылдың 12 наурыздағы № 3 арнайы ақпарында Алматы округі Қарқара ауданы Торыайғыр аулының байы У. Байбашев жер аударылған жағынан жасырынып келіп, бір әйелі мен ұлын ертіп, Қытайға қашқаны көрсетілген. Байбашевтің Кеңестер Одағында тағы 2 әйелі және көп малы қалған. 1930 жылыдың қаңтар айының соңында бұрын Қарқара ауданы тұрғыны, қазір Қытайда тұратын Жаунтажиев деген біреу Байбашевтің тапсырмасы бойынша 7 қарулы жігітпен шекарадан өтіп, оның әйелдері мен малын Іле өзенінің маңынан алып кеткен. Қарулы көш жолай 4 орыс азаматтарын ұстап алып, оларды күні бойы жібермей қастарында ұстап, әлгілердің 4 атын тартып алып, өздерін кешке ғана босатқан. Арнайы ақпарда бұған қоса Алматы округі Жаркент ауданы Подгорное селосы маңында саны анықталмаған қарулы байлар бандасы пайда болғаны баяндалады. Қарулы топ құрамының көбі Еңбекшіқазақ ауданы шаруаларынан тұрған. Көтерілісшілер Үлкен Мерминск ауылкеңесіне шабуыл жасап, ауылкеңес төрағасын ұрлап әкетпек болған. Ауылкеңес төрағасы қашып құтылған. Ауылкеңестің қағаздары мен басқа да заттарын алған көтерілісшілер Құлық тауына жасырынған. Қарулы топтың мақсаты уақыт өткізіп барып, шабуыл арқылы Қытайға өтіп кету болған. Ал Шелек ауданы Ұрынтай деген жерінде қазақ жертөлелерге 15-20 адам тоқтаған [7, 259, 260, 261 бб.].

1930 жылдың ақпан айында Бүйен Ақсу ауданының № 1-4, 6, 12, 13 ауылдарынан жиналған 500-дей шару № 3 ауылдың тұрғыны, бұрынғы болыс басқарушысы Бисетай Қылиевтің басқаруымен көтеріліске шықты. Көтерілісшілерді Қаратал, Сарқан аудандарының бірқатар ауылдарының М. Бұрханов, Р. Бөтебаев, С. Өтегенов бастаған шаруалары қолдады. ОГПУ жазалау топтарының назарынан тыс Қапалдан солтүстік-батысқа 90 шақырым жердегі Ақжал құмдарына

бой тасалаған көтерілісшілер рулар өкілдерінен ақсақалдар кеңесін құрып, Қытайдың аудандарына көшіп кеткен босқындармен байланыс орнатқан. Ақсақалдар кеңесінің қолдауына ие болған Б. Қылиев Арасан, Қызылағаш, Ақсу, Абакумов, Қапал сияқты жақын жатқан ауылдарды басып алу мақсатында жекелеген әскери жасақ топтарын бөледі. Сондай көтерілісшілер топтарының бірін Бисетай Қылиевтің ағасы Қалдыбай Қылиев басқарды. Жолай көтерілісшілерге басқа да ауылдар тұрғындары қосыла бастайды [5, 84 б.].

Шелек ауданында қарулы отрядтардың күзетімен Қытайға өтуге талпынғандар шаруалар легі толастамаған. 1930 жылдың 13 ақпанында ауданның байлары Алматыдан солтүстік-шығысқақарай 120 шақырым жердегі Зацевск аулынан 200 адам болып Қытайға өтуге талпынған. Шаруалар көшін Қытайдан келген 16 адамнан тұратын қарулы отряд қорғаған. Шекара күзетімен болған бетпе-бет шайқаста көтерілісшілер тарапынан 16 адам қаза тауып, 5 шаруа және 90 жанұя ұсталған. Көтерілісшілерден 18 әртүрлі жүйедегі винтовка, 3 пұт апиым, 100 бас мүйізді ірі қара алынған. 23 ат жараланған, өлген. Қарулы топқа сүйенген көштің бір бөлігі Қытайға өте алған. Шекара күзеті жағынан бақылау-өткізу пунктінің бастығы Горабец қаза болып, Голощюк атты шекарашы мен бір қызыләскер жараланған [8, 58 б.]. Босқындардың шекарадан кедергісіз өтуіне Жакыпберді Солтанбеков, Дары Садықов, Абис Сембаевтар, Мергенбей Жаманкөзов сияқты Кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққан халық көтерілістерінің қарулы отрядтары жәрдемдесіп отырды.

Қазақстан басшылары Қырғызстанға кеткен босқындарды қайтару жұмыстарына көмектесуін қырғыз басшыларынан сұрайды. 1930 жылдың 29 қыркүйегінде Ф. Голощекиннің Қырғыз обкомына жолдаған құпия хатында: «Қолда бар мәліметтерге қарағанда Сіздермен шекаралас аудандарды мемлекеттік міндеттерді орындаудан жалтару мақсатында Қырғызстанға шаруалардың көшіп баруы, ол жақта мал-мүліктерін сатып, өздерін кедейлер қылып көрсетуі байқалуда.» - делінген. Голощекин хатында келтірген мәліметтерге сәйкес Қордай ауданының Шаруа, Алға, Кедей және Оян шекаралық ауылдарынан Қырғыз республикасына 57 шаруашылық көшіп кеткен. Хатта бұл шаруашылықтардың тізімі жеке берілгені айтылғанымен архив құжаттары арасынан кездеспеді. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ ауданынан 51 шаруашылық көшкен, Шоқпар, Қастек аудандарынан да көшіп кету байқалған. Шаруалардың Қырғызстанға босуды жағдайында екі республиканың милиция органдары қақтығысып қалған жағдайлар да болған. Голощекин Еңбекшіқазақ аупартомының хабарламасына сүйеніп, ауданның №18 ауылынан Қырғызстанға босқан шаруаларды

қуып барған жазалаушы топ қырғыз милициясының 30 адамнан тұратын босқындарды паналатқан тобына кезіккен. Қырғызстаннан қарулы топтың Еңбекшіқазақ ауданына келіп, шаруаларды көшіріп әкеткен фактілері кездескен. Қырғызстан партия басшылығынан тиісті шараларды қабылдауды сұраған Ф. Голощекин өлкеком тарапынан «босқыншылықты тоқтату мен басшыларын ұстау бойынша тиісті шаралар қабылданғанын» көрсеткен. Ф. Голощекин «қабылдаған шараларының» қазақ шаруаларының Қырғызстанға боқыншылығын тоқтата алмаған [9, 32 б.].

Алматы округінің шекаралық аудандарындағы шаруалардың мал-мүлкін тартып алу ОГПУ жүргізген саяси қудалау науқаны болды. 1930 жылдың 8 қазанына дейін Белоногов пен Низюлько жинақтаған ОГПУ мәліметтерінде алты аудан бойынша алынатын шаруашылықтар көрсеткіші төмендегідей: Малайсары ауданы -107 адам, Сарқан - 239, Еңбекші қазақ - 378, Бөрібаев - 105, Андреев- 108, Бүйен-Ақсу аданына -85 адам. Алты ауданнан құғындалатындар жалпы саны 1094 адамды құрады. Байларды шығару межесінің 7 қазанға орындалғаны 275 адам болған. Оның Бүйен Ақсудан -85, Андреевтен - 20, Бөрібаевтан -105, Еңбекшіқазақтан - 17, Сарқаннан - 30, Малайсарыдан - 18 адам шығарылған. ОГПУ ақпарында шекаралық аудандарды тазарту нақанының баяу жүргенін, астық дайындау бойынша шаралар толық емес екенін атап көрсеткен. Сарқан ауданында кулактардың астық дайындауға қарсылық пен діни көңіл-күйдің жоғары екені байқалған. «Октябрь, Алакөл және басқа да аудандарда жергілікті белсенділер кулак-байлар мен революцияға қарсы элементтердің кімдер екенін білмейтіндігі репрессияға жататындарды анықтауды тежеп тұр» - делінген ОГПУ ақпарларында. Еңбекші қазақ ауданында бай шаруашылықтарының қашудың екі фактісі болған. Осы ауданның 14, 15 және 16 ауылдарында Қырғызстанға босу байқалады. Малайсары ауданында толық емес мәліметтер бойынша 58 шаруашылық көшуге әзірленген. Босқыншылық оны ұйымдастырған басшыларды ұстау арқылы тоқтатылып отырған. Бүйен-Ақсу ауданында босқыншылықты тоқтату жөніндегі топқа 15 адамнан құралған отряд шабуыл жасаған. Атыс кезінде босуды ұйымдастырушы Байжарас атып өлтірілген. Бөрібаев ауданында кедейлер жиналысы 23 байды қудалау туралы шешім шығарған. Мал-мүлкі тәркіленіп, өздері қуғындауға жатқызылған жазаланушыларға қалдырылатын еңбек нормасы біркелкі болмады. ОГПУ Өлкекомнан еңбек нормасының ортақ көрсеткішін анықтауды сұраған [10, 304, 305 бб.].

ОГПУ шекара әскері босып бара жатқан шаруаларды тоқтатып қана қоймай, оларды Қытай территориясына қуып кіріп, қару қолданып

шабуылдап отырды. Құлжадағы кеңестік консул Колосовтың Москваға 1931 жылыдың 15 қаңтарында Караханның атына жолдаған хатында Қытай өкімет орындарының кеңестік шекара әскерлердің шекара бұзу фактілеріне наразы болып отырғанын жеткізген. 1930 жылдың қазан айында Қытай шекарашылары қызыләскерлердің 200-300 адамдық қазақтар көшін қуалап, Қытай территориясына 15 шақырымға ішкерілеп енгенін бақылаған. Қуғыншыларды байқаған босқындар жан-жаққа шашырап қашқан. Қызыл әскерлер олардың біршама дүние-мүлкі мен малдарын тонаған. Кеңестік қуғыншылар отряды кеткеннен кейін қытай шекарашылары шабуыл орнын қарағанда қанды қырғынның ізін байқаған. 10-нан астам қазақ босқындары Қытай жерінде өлтірілген. Осы жылдың желтоқсан айының басында қытай әскерлері ішінде балалар мен әйелдер де бар тағы 50-ден астам қазақтардың мәйітін тапқан. Олардың біршамасы оқты қарумен, біршамасы қылышпен өлтірілген. Қытай тарапы бұл қылмысқа қызыләскерлерді кінәлі деп санаған. Кеңестік консул Колосовтың көрсеуінше, екі жағдай бойынша да кеңестік шекарашылар оқиғаның болғанын жоққа шығармаған. Тиісті отряд командирінің орынбасары осы желтоқсан айындағы қарулы шара барысында 300-ден астам қазақтардың өлтірілгенін хабарлаған. Колосовтың хатында қытай тарапының егеменді мемлекеттің шекарасын бұзу бойынша кеңестер жағына наразылық ноталары жолдағаны баяндалады. Кеңестік дипломат босқындардың ағылуын Шыңжаң үкіметі қолдап отыр деген пікірді жоққа шығарады. Керісінше, босқындар мен шекара бойындағы тынышсыздыққа наразы жергілікті үкімет 1930 жылдың көктемінде 2 мыңнан астам босқынды ел аумағынан шығарып жіберген. Колосовтың хатында: «Шекарашылардың шекараны бұзу бойынша қатаң шараларының ешқайсысы да нақты нәтиже берген жоқ... ал оларды басу шаралары нағыз қатыгездікпен іске асырылды.» - деп бағаланған [11, 210, 211бб.].

1928 жыл қарсаңында аз мөлшерде басталған халық наразылығы ішкі және сыртқы босқыншылыққа ұласты. Бұрын да аз мөлшерде малын айдап шекара асып жататын бейбіт шаруалар көші тұтас ауылдарды ұйымдастырған қарулы босқыншылыққа ұласты. Шаруалар өздері қарулы отрядтар құрып, соның күшімен шекарадан өтіп, көшіп жатты. Босқындар қатарында көп жерлерде кеңес өкіметінің тірегі болған партия мүшелері, мүшелікке кандидаттар, комсомолдар да болды. Ауыл шаруашылығын кеңестік үлгіде модернизациялау саясатының сәтсіздігін «бай-кулактардың арандатуынан» көрген жергілікті өкімет коммунистер мен комсомолдардан ерікті отрядтар, комотрядтар құрып, оларды әскери жаттықтырудан өткізіп, қару-

жаракпен қамтамасыз етіп көтерілісші шаруаларға қарсы салды. Шекаралық аудандардағы комотрядтар мен тұрақты әскери бөлімдер нашар қаурланған босқындарды асқан қатыгездікпен тонады.

Екі жақты қыспаққа түскен қазақ шаруаларының барар жер, басар тауы қалмағанын байқататын бұл жағдай халық басына төнген нәубеттің апатты мөлшерін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР ОМА, 5-қор, 20-тізім, 88 – іс.
2. Трагедия казахского аула. 1928-1934: Сборник документов /Сост. . А.С.Зулкашева (ответств.). – Алматы: Раритет, 2013. Т.1. 1928-апрель 1929 -744 с.
3. ҚРОМА 5-қор, 21-тізім, 15 – іс.
4. АОМА 591-қор, 1-тізім, 5а-іс.
5. Алдажуманов К. Крестьянское движение сопротивления // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. – Алматы: «Арыс»-Казахстан, 1998. сс.66-92.
6. ҚРПА 141-қор, 1-тізім, 2433-іс
7. Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД Том 3.1930-1934. Книга 1. 1930-1931, – Москва: РОССПЭН. 2003. – 840 с.
8. ҚРПА 141-қор, 17-тізім, 455-іс
9. ҚРПА 141-қор, 17-тізім, 465 - іс.
10. Из истории депортаций. Казахстан 1930-1935 г.г. Сборник документов. –Алматы: ЛЕМ, 2012. – 772 с.
11. Киндлер Р. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / (Перевод снем. Л.Ю.Пантиной). – М.: Политическая энциклопедия, 2017. – 382 с.

ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУІ

Байдалы Р.Ж. PhD доктор
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Кеңес үкіметінің 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың басында Кеңес Үкіметінің қазақ халқына жүргізген саясатының нәтижесінде қазақтың дәстүрлі шаруашылығы күйреді. Үкіметтің байларға қарсы күрес, шаруа қожалықтарын тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, зорлап отырықшыландыру, ет және астық дайындау

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Қабылдинов З.Е. ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ.....	5
Рынков В. М. ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО.....	8
Абиль Е.А. ГОЛОД И СОВЕТСКАЯ ВЛАСТЬ	10
Курманов З.К. О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ КАЗАХСКОГО ГОЛОДОМОРА И БЕЖЕНСТВА В КЫРГЫЗСТАНЕ	19
Аяган Б.Г. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ ПО МАТЕРИАЛАМ АРХИВОВ КЫРГЫЗСТАНА.....	27
Бәкір Ә.Қ. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҮРКІСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚАТАЛ СЫНШЫСЫ	40
Аблажей Н.Н., Балтабаева К.Н. МАССОВОЕ ВОЗВРАЩЕНИЕ КАЗАХОВ ИЗ СИНЬЦЗЯНА В КАЗАХСТАН ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1950-Х – НАЧАЛЕ 1960- Х ГГ.	50
Боранбаева Б.С., Сарсенбаева Ф.Е. ОРАЛ, БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯЛАРЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	58
Жүсіп С.А. ГОЛОД 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ И НАУЧНОЙ ОЦЕНКИ.....	66
Құнапина Қ.Қ., Қамысбаева Қ.Б., Нұрбаева А.Д. КАЗАҚСТАНДАҒЫ XX Ғ. 30 АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ОҚЫТЫЛУЫ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ	77
Пасилов Б.А., Пасилова Г. ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНАЯ РЕФОРМА И КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В УЗБЕКСКОЙ ССР: СЛОМ ТРАДИЦИОННОГО ЗЕМЛЕ- ПОЛЬЗОВАНИЯ И «СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА	81
Ишанходжаева З.Р. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ В УЗБЕКИСТАНЕ В 1920-1930-Е ГГ.	88

Козыбаева М.М.	
СПЕЦИФИКА РАЗМЕЩЕНИЯ И ТРУДОУСТРОЙСТВА КАЗАХСКИХ ОТКОЧЕВНИКОВ В НАЧАЛЕ 1930-ГГ. НА СОПРЕДЕЛЬНЫХ ТЕРРИТОРИЯХ РОССИИ.....	178
Нургазиев А.А.	
1920-1930 ЖЖ. ЗОБАЛАҢ: ТАҒАНИЯЗҰЛЫ ҚОЖАХМЕТ ӘУЛЕТІНІҢ АТА ҚОНЫСТАН АУА КӨШУІ, ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ	186
Бұлғауов Ш.Т., Мұқанова Г.К.	
АДАЙЛАРДЫҢ ЖАППАЙ ҚАЙТЫМСЫЗ КӨШІ-ҚОНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АЛАШ ДИПЛОМАТИЯСЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕШЕНДІ ТӘСІЛІ, 1920-1930 ЖЖ. /АРХИВ КӨЗДЕРІНЕН	193
Стамшалов Е. И.	
XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ӨҢІРІНДЕГІ ҚАРУЛЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІ	201
Байдалы Р.Ж.	
ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ ҚОНЫС АУДАРҒАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУІ.....	209
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К.	
КООПЕРИРОВАНИЕ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ В УСЛОВИЯХ ГОЛОДА 20-Х ГГ. XX В. КАЗАХСТАНЕ	218
Кубеев Р.Д.	
О НЕКОТОРЫХ ОСОБЕННОСТЯХ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....	225
Боранбаева Б.С., Жаманова Ж.Е.	
ОРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ КҮШТЕП ҰЖЫМДАСТЫРУ: АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА	232
Черепанов К.В.	
МАССОВЫЙ ГОЛОД - ПРЯМОЕ И НЕИЗБЕЖНОЕ СЛЕДСТВИЕ «СТРОИТЕЛЬСТВА КОММУНИЗМА».....	239
Исенов Ө.И., Сартаев Р.	
1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ...	245
Исенова С.И.	
АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ 1930 ЖЖ. НӨУБЕТ	254
Қабыл А.Ә.	
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІГІНДЕГІ АУА КӨШУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ОРНАЛАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ	261
Исенов Ө.И., Қайырғали Н.	
ҚЫСПАҚТАҒЫ КӨШПЕЛІЛЕР: ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ МЕН ЖАППАЙ КӘМПЕСКЕЛЕУ	271

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ
АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕКТЕС
АУМАҚТАРҒА МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРУЫ: ЗАМАНАУИ
ТҮСІНУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
республикалық-тәжірибелік конференцияның материалдары.
8 қыркүйек 2022 ж.**

**Материалы республиканской научно-практической
конференции «МАССОВЫЙ ГОЛОД 1930-Х ГОДОВ В
КАЗАХСТАНЕ И ВЫНУЖДЕННЫЕ ОТКОЧЕВКИ КАЗАХОВ
НА СОПРЕДЕЛЬНЫЕ ТЕРРИТОРИИ: ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОГО ОСМЫСЛЕНИЯ И НАУЧНОЙ ОЦЕНКИ» .
8 сентября 2022 г.**

«Мадияр» ЖК типографиясы
Типография ИП «Мадияр»

Теруге 10.10.2022 берілді. Басуға 12.10.2022 кол қойылды.
Пішімі 70*100 1/16. Қаріп түрі «Times New Roman»
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 20,25
Таралымы 500 дана.

Сдано в набор 10.10.2022. Подписанов в печать 12.10.2022.
Формат 70x100 1/16. Гарнитура «Times New Roman»
Офсетная бумага. Офсетная печать. Усл.печ.л. 20,25
Тираж 500 экз.